

6 ТАМЫЗ,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№84 (23 698)



ORTALYQ QAZAQSTAN

95
жыл

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Таңдау құқығы
шектелмейді



2-бет

Байтамдағы
бағзы белгі



5-бет

Амманда
асқақтаған
абырой



8-бет

• **ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ**

Қарағандының қарқынды қадамы

Қарағанды облысы сыртқы нарықтағы орнын нығайтып келеді. Биылғы алғашқы төрт айда өңір экспорты 27 пайызға өсіп, 1,2 млрд АҚШ долларына жетті. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпорындар 340 млрд теңгеге жуық ұзақ мерзімді келісімшарттарға қол жеткізіп, өндірісті тұрақты тапсырыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. Бұл өңір экономикасының шикізаттық бағыттан дайын өнім өндіруге бет бұра бастағанын аңғартады. Үкімет отырысында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің өндірістік дамуын баяндады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қырық елге жол тартқан өнім

Облыс экономикасы енді тек көмір мен металл сүйенетін дәстүрлі өндірістік жүйемен шектелмейді. Өңір кәсіпорындары сыртқы нарыққа жаңа өнім түрлерін шығарып, экспорт географиясын кеңейтіп келеді. Бұл отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары қаралған Үкімет отырысында жан-жақты талқыланды.

Премьер-Министр Олжас Бектенев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елде отандық өндірісті ынталандыратын негізгі тетіктер қалыптасқанын атап өтті. Оның айтуынша, субсидиялау, кәсіпорындарға қаржылай қолдау көрсету, ішкі нарықты қорғау және өнімді сыртқы нарықтарға ілгерілету секілді шаралар бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған.

– Қабылданып жатқан шаралар бәсекеге қабілетті отандық өндірісті құру мен дамытуға бағытталған. Мұндай тәсілді әлемнің барлық дамыған экономикалары қолданады – субсидиялар беруден бастап, тауарларды әлемдік нарықтарға ілгерілетуге дейін. Біз де осы саясатты ұстанамыз.



мыз. Оның оң нәтижесі айқын көрініп отыр, – деді Үкімет басшысы.

Еліміз ішкі нарықты негізгі азықтүлік тауарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын да ұлғайтып келеді. Облыста да аграрлық тауарлардың шетелге жеткізілу көлемі артқан. Бұл өңір экономикасының бір ғана өнеркәсіп саласына тәуелді болмай, біртіндеп әртараптанып келе жатқанын аңғартады.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың мәліметінше, бүгінде өңірде өнімін Қытай, Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері, Ұлыбритания, Ресей және Өзбекстанды қоса алғанда, әлемнің 40 еліне экспорттайтын 100-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді.

Жылдың алғашқы төрт айында экспорт көлемі 1,2 млрд АҚШ долларына жеткен. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен

салыстырғанда 27 пайызға артық. Мұндай көрсеткішке қолданыстағы өндірістердің қуатын арттыру, жаңа өткізу нарықтарын іздеу және өнім номенклатурасын кеңейту арқылы қол жеткізіліп отыр.

Өңір басшысы экспорттық серпінді сақтап қалу үшін инвестициялық жобаларды белсенді іске асыру қажет екенін айтты.

– Биыл 44 инвестициялық жобаны іске асыру есебінен экспортталатын өнім номенклатурасы ұлғаяды. Облыста алғаш рет жылу окшаулағыш материалдар, жүк және жеңіл автомобильдер, клинкер плиткалары, тау-кен металлургия кешеніне арналған ірі габаритті бұйымдар және басқа да өнімдер өндіріле бастайды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңа жобалар тек өндіріс көлемін арттырып қоймайды. Олар облыстың экспорттық құрылымын күрделендіріп, қосылған

құны жоғары тауарлар үлесін көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл – өңір экономикасы үшін аса маңызды бағыт. Өйткені дайын өнім экспортын ұлғайту шикізат сатуға тәуелділікті азайтып, кәсіпорындардың технологиялық деңгейін көтереді.

Саран индустриялық аймағында өндіріс ашқан «ТЭМПО Қазақстан» компаниясы – соның нақты мысалы. Бірнеше айдың ішінде жұмысын жолға қойған кәсіпорын металл конструкциялары мен су құбыры желілеріне арналған болат тік тігісті құбырлар шығара бастады. Компания өнімі қазірдің өзінде Өзбекстан мен Қырғызстан нарығына жөнелтілуде.

Демек, жаңа өндіріс орындары ішкі сұранысты өтеумен ғана шектелмей, бірден сыртқы нарыққа бейімделіп отыр. Бұл кәсіпорындардың өнім сапасы мен бағасының шетелдік бәсекеге төтеп бере алатынын көрсетеді.

Кепілді тапсырыс – тұрақты өндіріс

Кәсіпорын үшін өнім өндірудің өзі жеткілікті. Оның тұрақты өткізу нарығы болуы шарт. Осы тұрғыдан алғанда, облыс кәсіпорындарының жалпы сомасы 340 млрд теңгеге жуық ұзақ мерзімді келісімдер жасауы – өндірістік тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Биыл Qarmet компаниясымен жасалған меморандум аясында облыстағы 58 кәсіпорынға жалпы сомасы 100 млрд теңгеге тапсырыс беру көзделген. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысында оның 65,5 млрд теңгесі игеріліп, жергілікті кәсіпорындар тиісті өнімді жеткізген.

Сондай-ақ, 338 млрд теңгеге алты офтейк-келісімшарт пен тоғыз ұзақ мерзімді шарт жасалды. Офтейк-келісім кәсіпорын әлі өнім өндірмей тұрып, болашақ тауарын сатып алушының алдын ала бекітілуін білдіреді. Мұндай тетік өндірушіге өндірісін сенімді жоспарлауға, жабдық жаңартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді шарттардың тағы бір артықшылығы – кәсіпорынның ертеңгі күнге алаңдамай, өндірістік қуатын тұрақты жүктеуіне жағдай жасауы. Өнімді кімге және қандай көлемде өткізетіні алдын ала белгілі болған жағдайда бизнес инвестиция салуға батылырақ барады.

Қарағанды аяқ киім фабрикасының жағдайы осының айқын дәлелі. Бұған дейін өндірісін тоқтату қаупі туған кәсіпорын Karachaganak Petroleum Operating және NCOС компанияларымен жаңа келісімшарттарға қол жеткізіп, өндірістік қуатын қайта толық іске қосты. Бұл бір кәсіпорынды сақтап қалумен шектелмейді. Оның артында жұмыс орындары, мамандардың тәжірибесі, қалыптасқан өндірістік мектеп және отандық бренд тұр.

➤ 2-бет

Өңір туризмінің өрлеу кезеңі

Қарағанды облысы соңғы жылдары еліміздегі туризм саласы қарқынды дамып келе жатқан өңірдің біріне айналды. Салаға деген инвесторлардың қызығушылығы да жылдан-жылға күшейіп келеді. Туристік нысандарды жаңғырту, жаңа демалыс орындарын ашу және қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде Қарағанды облысы туризм индустриясында бәсекеге қабілетті аймақ ретінде өз орнын нығайтып, жаңа кезеңге қадам басты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инфрақұрылымның жаңаруы, инвестициялық жобалардың жүзеге асуы және туристік сервистің сапасының артуы өңірдің туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтерді. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында өңірге 57 мыңнан астам



Қолжазба жасаған Арайхан Қоспаева

турист келген. Оның ішінде, шетелдік қонақтардың саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 пайыз өсіпті. Аймаққа ең көп келетін туристердің қатарында Ресей, Қытай, Түркия

және Германия азаматтары бар.

Мамандар шетелдік және отандық туристер ағынының артуына аймақта ұйымдастырылатын ауқымды мәдени және туристік іс-шаралардың да ықпалы зор

екендігін айтады. Соның жарқын мысалы – Балқаш жағалауында өткен «Balkhash Tour Fest» фестивалі. Ашық аспан астында ұйымдастырылған шара небәрі екі күнде 75 мыңға жуық қонақ қабылдаған.



– Бұл оң серпін өңір экономикасының дамуына жаңа тыныс беріп, туризм саласының әлеуеті жыл санап артып келе жатқанын көрсетеді. Жыл басынан бері туристерді орналастыру орындары көрсеткен қызметтердің жалпы көлемі 1,4 миллиард теңгеден асқан. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,2 пайызға өсті. Өңірде туристерді қабылдайтын нысандар желісі де кеңейіп келеді. Қазіргі таңда олардың саны 6 пайызға артып, 274 нысанға жетті. Салаға тартылған инвестиция көлемі де айтарлықтай өсім көрсетті. Өткен жылдың алғашқы жартыжылдығында туризм индустриясына бағытталған инвестициялар көлемі 9,2 миллиард теңгеден асты.

➤ 5-бет

• **РЕСМИ**

Бақылау күшейді

Облыста жыл басынан 150 дүкен мен өзге де сауда нысаны тексеріліп, заң талпаптарын бұзған кәсіпкерлерге 3 миллион теңгеден астам айыппұл салынды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік өнімдеріне қойылатын сауда үстемесі 15 пайыздан аспауы тиіс. Одан бөлек, инспекторлар сауда орындарында баға көрсеткіштерінің болуы, олардың дұрыс рәсімделуі және барлық өнім бағасының ұлттық валюта – теңгеммен көрсетілуін тексереді.

Жыл басынан тексерулердің басым бөлігі Қарағанды қаласында жүргізілген. Облыс орталығында 120 сауда нысаны қамтылса, Приозерск қаласында – 10, Балқаш пен Шахтинск қалаларында – 5 нысаннан, Теміртауда – 4, Осакаров және Бұқар жырау аудандарында – екі дүкеннен, Абай ауданында бір сауда орны тексерілді.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 543.39

• USD/KZT 471.98

• RUB/KZT 5.82

• CNY/KZT 69.89

Қазақстан Ұлттық Банкінің
5 тамыз, 2026 жылғы дерекі бойынша

• ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Тандау құқығы шектелмейді

23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық қызу. Биылғы электоралдық науқанның басты ерекшелігінің бірі – елімізде алғаш рет үздіксіз өндірістік циклемен жұмыс істейтін кәсіпорындар аумағында сайлау учаскелерінің ашылуы. Бұл жанашылдық алғашқылардың бірі болып Қарағанды облысында жүзеге асырылып отыр. Мұндай қадам өндірістегі мыңдаған жұмысшының еңбек үдерісін тоқтатпай-ақ, конституциялық құқығын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Сарапшылар мұны сайлау жүйесінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды өзгерістің бірі ретінде бағалайды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өндірістен қол үзбей дауыс беру маңызды

Осы маңызды саяси науқан қарсаңында Қазақстан Республикасының төрағасы Нұрлан Әбдіров облысқа арнайы жұмыс сапарымен келіп, аймақтың Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындығымен жан-жақты танысты. Инспекциялық сапар барысында ол жаңа форматтағы сайлау учаскелерін аралап, өңірдегі сайлау комиссияларының ұйымдастыру деңгейін, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін, сайлаушыларға жасалған жағдайды және инклюзивтілік талаптарының орындалуын бағалады.

Қазір облыста 639 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Онда 4 331 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі қызмет атқарады. Сайлаушылар тізіміне шамамен 760 мың тұрғын енгізілген. Биыл сол учаскелердің төртеуі алғаш рет өндірістік кәсіпорындар мен вахталық кенттердің аумағында құрылды. Оның үшеуі Теміртау және Балқаш қалаларындағы «Qatmet» АҚ өндірістік алаңдарында орналасса, тағы бір учаске Нұра ауданындағы вахталық кентте ашылған.

Бұл өзгерістер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулердің нәтижесінде жүзеге асып отыр. Заңдағы жаңа нормалар үздіксіз өндірісте еңбек ететін азаматтардың сайлау құқығын толыққанды жүзеге асыруына құқықтық негіз қалыптастырды.

Теміртаудағы «Qatmet» АҚ өндірістік нысандары базасында құрылған №641 және №642 сайлау учаскелері осы өзгерістің нақты көрінісіне айналды. Мұнда мыңдаған металлург тіркелген. Соның ішінде, №642 сайлау учаскесінде шамамен екі мыңға жуық сайлаушы есепке алынған. Дауыс беру күні кәсіпорын-

ның шалғай цехтарында жұмыс істейтін қызметкерлер алдын ала бекітілген кестеге сәйкес, арнайы автобустармен жеткізіліп, дауыс бергеннен кейін қайтадан жұмыс орындарына оралады. Бұл – өндірістік процестің тоқтамауына және жұмысшылардың азаматтық құқығын толық пайдалануына мүмкіндік береді.

– Азаматтардың сайлауға қатысуы – олардың ең маңызды конституциялық құқықтарының бірі. Осыған байланысты мемлекет бұл құқықтың кедергісіз әрі толық жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде қажетті шаралар қабылдап келеді. Сайлау туралы Конституциялық заңға енгізілген жаңашылдықтарға сәйкес, биыл үздіксіз жұмыс істейтін өндіріс орындарында сайлау учаскелерін құру мүмкіндігі заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Осы сайлау науқанында біз алғаш рет осындай сайлау учаскелерін аштық. Бұл арқылы сайлаушылар үшін сайлаудың қолжетімділігін кеңейтіп, олардың сайлау құқығын жүзеге асыруға арналған конституциялық құқығын қамтамасыз етеміз. Бүгін біз Qatmet кәсіпорнының қанықтыр қаптау цехына арнайы келіп, жаңа сайлау учаскелерін құруға қатысты ұйымдастыру мәселелерінің қалай шешіліп жатқанын, дауыс беру уақытында үздіксіз өндірісте болатын зауыт жұмысшыларының жұмыс орнында дауыс бере алатынын көзбен көріп, нақтыладық, – деді Нұрлан Әбдіров.

Комиссия төрағасының айтуынша, Атырау, Ақмола облысындағы өндірістерде осындай жаңа учаскелер ашылуда. Жалпы, бүгінде еліміздегі ірі өндіріс орындарында 9 учаске ашылса, онда тізімде тұрған сайлаушылардың саны 12 300-ден асатынын айтты төраға.

Өндіріс ұжымының өкілдері де жаңа бастаманың тиімді екенін айтады. «Qatmet» АҚ өндірістік ауысым шебері Медет Қайыр-кеңұлының айтуынша, өндірістегі



үздіксіз жұмыс режимі бұрын сайлауға қатысуда белгілі бір қиындықтар туғызған.

– Біз бұл цехта үздіксіз өндіріс жағдайында еңбек етеміз. Сондықтан сайлауға қатысу мәселесі көбіне ауысым кестесіне байланысты болады. Кәсіпорын аумағында осындай сайлау учаскелерінің ашылуы бізге, яғни, металлургтерге өндіріс процесін тоқтатпай, артық қиындықсыз дауыс беруге мүмкіндік береді. Барша қазақстандықтарды 23 тамыз күні сайлау учаскелеріне келіп, өз таңдауын жасауға шақырамын! – деді ол.

№642 сайлау учаскесінің төрағасы Ольга Васюткина дауыс беру күніндегі логистика алдын ала толық жоспарланғанын айтты.

– Бұл – өте қолайлы. Адамдар өндірістен қол үзбей дауыс бере алады. Көптеген жұмысшы таңғы сағат жетіден кешкі уақытқа дейін ауысыммен еңбек етеді және өткізу жүйесіне байланысты кәдімгі сайлау учаскесіне барып үлгермейтін жағдайлар болады. Енді олар кәсіпорын аумағында дауыс беріп, кейін қайтадан жұмыс орындарына жеткізіледі, – деді ол.

Ал, «Qatmet» АҚ цех бастығының міндетін атқарушы Илья Малига да жаңа тәжірибені қолдайтынын жеткізді.

Демократиялық үдерістің басты талабы

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының жұмыс сапарындағы маңызды бағыттың бірі – сайлау процесінің барлық санаттағы азаматтар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету мәселесі. Осы

мақсатта Нұрлан Әбдіров Қарағанды қаласындағы оқу-модульдік орталығында орналасқан №16 сайлау учаскесінің жұмысымен танысты. Бұл учаске мүгедектігі бар азаматтардың сайлау процесіне өз бетінше қатысуына арналған үлгілік орталық ретінде белгіленген.

Учаскеде көтергіш құрылғы, қызметкерді шақыру түймесі, арнайы тұтқалар, кеңейтілген есік ойықтары, арба пайдаланушыларға арналған жасырын дауыс беру кабиналары, Брайль картімен дайындалған трафареттер, бюллетень мәтінінің аудионұсқасын тыңдауға арналған құрылғылар және ақпараттық бұрыштар орналастырылған. Бұдан бөлек, дауыс беру күні инваксия қызметін ұйымдастыру жоспарланған.

Облыста бүгінде 6 245 мүгедектігі бар сайлаушы тіркелген. Сондықтан, олардың сайлау құқығын толыққанды жүзеге асыру үшін барлық сайлау учаскесінде қажетті жағдай жасау негізгі басымдықтардың бірі болып отыр. «Qatmet plus» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нияз Сүндеталиев бұл бағыттағы жұмыстың ерекше маңызын атап өтті.

– Біз үшін тең мүмкіндіктер жасаудың маңызы зор. Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық барысында мүгедектігі бар азаматтар үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылып жатқанын көріп отырмыз. Мұндай тәсіл сайлау құқықтарының теңдігі қағидатын айқын көрсетеді және ол барынша кеңінен қолданылуы тиіс, – деді ол.

Өз кезегінде Нұрлан Әбдіров барлық сайлау учаскесінде инклюзивті талаптардың бірдей сақталуы қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, осы модульдік орталықтағы сияқты әр учаскеде мүгедектігі бар азаматтарға барлық қажетті жағдай жасалуы тиіс.

– №16 сайлау учаскесінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған барлық қажетті жағдай қарастырылды. Сонымен қатар, есту қабілеті төмен азаматтарға арналған индукциялық жүйе орнатылған. Ол жүйе арқылы сайлаушы комиссия мүшесінің дауысын кедергісіз естіп, тілдесе алады. Біздің учаскеде 1 922 сайлаушы тіркелсе, оның 13-і – мүмкіндігі шектеулі азаматтар. Әр сайлаушының дауыс беру процесіне тең дәрежеде қатысуы үшін қажетті жағдайдың барлығы жасалды, – деді №16 сайлау учаскесі сайлау комиссиясының төрағасы Салтанат Макаева.

Инспекциялық сапар барысында Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Теміртау қаласындағы №294 және №295, сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы №106 және №107 сайлау учаскелеріне барып, олардың материалдық-техникалық дайындығын, учаскелік сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру деңгейін және сайлаушылармен өзара іс-қимыл барысын тексерді.

Сапар аясында облыс әкімдігі, құқық қорғау органдары және өзге де мемлекеттік мекемелер басшыларының қатысуымен Құрылтай сайлауына дайындық мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті.

Жиында сайлаушылар тізім-

дерін өзектендіру, сайлау учаскелерін материалдық-техникалық жарақтандыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сайлау науқаны барысында заң талаптарының сақталуы және мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру мәселелері жан-жақты қаралды.

Бұдан бөлек, Нұрлан Әбдіров Қарағанды облысының аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары төрағаларымен жеке жұмыс кездесін өткізді. Онда қазіргі сайлау науқанының ерекшеліктері, сайлау заңнамасын бірізді қолдану, дауыс беру күніндегі комиссиялардың іс-қимыл алгоритмі, сондай-ақ, сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету тетіктері талқыланды.

Орталық сайлау комиссиясы өңірлердегі сайлау комиссиялары мүшелерін жүйелі оқытуға ерекше мән береді. Осыған байланысты инспекциялық сапарлардың маңызды бөлігінің бірі ретінде жергілікті жерлерде тәжірибелік оқыту семинарлары ұйымдастырылып келеді.

Қарағандыда өткен семинар барысында Теміртау қаласында орналасқан сайлау комиссияларының мүшелері кіріс және қорытынды тестілеуден өтті. Практикалық бөлімде түрлі кейтстік жағдайлар қарастырылып, дауыс беру күні туындауы мүмкін мәселелер бойынша комиссия мүшелерінің іс-қимыл алгоритмдері тәжірибеге негізделген оқыту әдістері арқылы пысықталды.


Сапар қорытындысында Орталық сайлау комиссиясының төрағасына аймақта халықты ақпараттандыру жұмыстары жөнінде де есеп берілді. Сайлау науқаны туралы мәліметтерді тұрғындарға жеткізу үшін ресми интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, сайлаушыларға арналған арнайы онлайн-сервисітер іске қосылады.

Азаматтарға жедел кеңес беру мақсатында облыста 14 call-орталық жұмыс істейді. Бұған қоса, тәулік бойы қызмет көрсететін біріншілік 109 байланыс қызметі арқылы тұрғындар сайлауға қатысты барлық қажетті ақпаратты ала алады.

Орталық сайлау комиссиясы мүшелерінің өңірлерге инспекциялық сапарлары 17 тамызға дейін жалғасады.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Қарағандының қарқынды қадамы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өңірде шағын және орта бизнесті қолдау шаралары да жалғасуда. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 70 млрд теңге болатын кемінде мың жобаны қаржыландыру жоспарланған. Инвесторларға қолайлы жағдай жасау мақсатында өңірлік тауар өндірушілердің тізімі әзірленіп, облыстың инвестициялық мүмкіндіктері туралы арнайы гид жасакталған.

Кластерден – жаңа нарыққа

Қарағанды облысында өндірісті жеке кәсіпорындар деңгейінде ғана емес, бір-бірімен байланысқан



кластерлер түрінде дамытуға басымдық беріледі. Бұл тәсіл шикізат өндіруден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі тұтас тізбекті бір өңірде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Металлургиялық кластер аясында бүгінде автобустар, тұрмыстық техника, болат ванналар, панельді радиаторлар және өзге де өнім түрлері шығарылып жатыр. Ендігі міндет – осы тәжірибені алюминий өндірісіне енгізу. Қазіргі уақытта өңірде алюминий кластерін қалыптастыру мәселесі пысықталуда.

Кластерлік тәсілдің тиімділігі – ірі кәсіпорындардың айналасында шағын және орта өндірістердің дамуына жол ашатынында. Бір кәсіпорын шикізат жеткізсе, екіншісі бөлшек өндіреді, үшіншісі дайын өнім құрастырады, ал тағы бірі логистика немесе сервистік қызмет көрсетеді. Нәтижесінде бір өндірістік жобаның өзі бірнеше саланың дамуына серпін береді.

Өңірлік өнімдерді ілгерілету жұмыстары сауда желілерінде де көрініс тауып отыр. Ірі дүкендерде «Қазақстанда жасалған» және «Қарағандыда жасалған» белгілері бар арнайы сөрелер ұйымдастырылуда. Бұл тұтынушыға отандық тауарды бірден танып, саналы таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Мұндай сөрелер жай ғана жарнамалық белгі емес. Олар жергілікті брендтің танымалдығын арттырып, өндіруші мен тұтынушының арасын жақындатады. Отандық өнімге сұраныс көбейген сайын кәсіпорынның өндіріс көлемі артып, жаңа нарыққа шығу мүмкіндігі де ұлғаяды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Үрімшіге ұшақпен барамыз

Қарағанды облысының көлік-логистикалық әлеуетін арттырып, халықаралық байланыстарын кеңейту бағытындағы маңызды бастамалардың бірі – Үрімші қаласына тікелей әуе рейсін ашу. Осы мәселе облыс әкімдігінде өткен жұмыс кездесінде жан-жақты талқыланды.



Жамал СОВЕТКЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжановтың төрағалығымен өткен кездесуге «Urumsq Airlines» және «Kun Yu Shu Ji Capital» компанияларының өкілдері, «Сарыарқа» халықаралық әуежайының басшылығы, туризм басқармасының мамандары, өңірдегі туроператорлар мен кәсіпкерлер қатысты.

Кездесу барысында жаңа әуе бағытын іске қосудың мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру тетіктері қарастырылды. Сондай-ақ, Қарағанды облысы мен Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы арасындағы туристік, сауда-экономикалық және іскерлік ынтымақтастықты

нығайту мәселелері сөз болды. Қарағанды мен Үрімші арасындағы тікелей әуе қатынасының іске қосылуы екі өңір арасындағы жол жүру уақытын едәуір қысқартып, тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бастама туристік ағынның артуына, іскерлік байланыстардың жандануына және инвестициялық ынтымақтастықтың кеңеюіне оң әсерін тигізбек.

Кездесу қорытындысында тараптар жобаны жүзеге асыруға өзара қызығушылық танытып, «Қарағанды-Үрімші» бағыты бойынша тікелей әуе рейсін ашу мәселесін бірлесіп пысықтау жұмыстарын жалғастыруға келісті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Әр дауыс – елдің ертеңі

Қоғамның саяси мәдениетін айқындайтын ең маңызды демократиялық институттың бірі – сайлау. Ол – азамат пен мемлекет арасындағы сенімнің көрінісі, заң үстемдігі мен қоғамдық жауапкершіліктің өлшемі. Бүгінде Балқаш қаласында Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық қарқынды. Сайлау учаскелерінің әзірлігі, комиссиялардың кәсіби дайындығы, цифрлық мүмкіндіктер, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға жасалған жағдайлар – барлығы басты назарда. Алдағы саяси науқанның ұйымдастырылуы туралы Балқаш қаласының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Гүлмира Ағдарбековмен сұхбаттасқан едік.

– Гүлмира Жәнісбекқызы, кез келген сайлаудың табысты өтуі нақты дайындықтан басталады. Балқаш қаласы бұл маңызды саяси науқанға қандай дайындықпен келіп отыр?

– Расында да, сайлаудың ойдағыдай өтуі, ең алдымен, дайындық деңгейіне де байланысты. Біздің негізгі мақсатымыз – әр азаматтың конституциялық құқығын еш кедергісіз жүзеге асыруына мүмкіндік жасау және сайлаудың заң талаптарына толық сәйкес өтуін қамтамасыз ету. Биылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Балқаш қаласында 51 мың 32 сайлаушы тіркелген. Оның ішінде 265 азамат мүмкіндігі шектеулі жандар санатына жатады. Олар үшін сайлауға толыққанды қатысуға барлық жағдай жасалған. Қалада Құрылтай депутаттарының сайлауын 37 сайлау комиссиясы ұйымдастырады. Оның біреуі – аумақтық, ал, 36-сы учаскелік сайлау комиссиялары. Жалпы, комиссиялар құрамында 257 мүше бар. Барлық құрам заң талаптарына сай толық жасақталып, учаскелердің шекаралары бекітілді.

Биылғы ерекшеліктің бірі – «Kazakhmys Smelting» өндірістік кешенінде жаңа сайлау учаскесінің ашылуы. Бұл өндірісте еңбек ететін азаматтардың жұмыс орнынан қол үзбей дауыс беруіне мүмкіндік жасайды. Осылайша қалада шектеулі қолжетімділігі бар екі жабық сайлау учаскесі жұмыс істейді. Комиссиялардың орналасқан жерлері, сайлау учаскелерінің шекаралары туралы барлық ақпарат қала әкімдігінің ресми сайтында жарияланған. Сонымен бірге, бұл мәліметтер жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындарға кеңінен жеткізілді.

– Бүгінде материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі қалай?

– Өрине, сайлаушы өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінуі керек. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстар бақылауда. Қаладағы сайлау учаскелерінің басым бөлігі білім беру мекемелерінде орналасқан. Атап айтқанда, 20 учаске мектептерде, 9 учаске әлеуметтік-мәдени нысандарда, 4 учаске колледждерде, сондай-ақ, орталық ауру-



ханада, «Kazakhmys Smelting» кәсіпорнында және ветеринариялық стансада бір-бірден орналасқан. Барлық ғимараттың техникалық жағдайы қанағаттанарлық. Апатты нысандар жоқ. Мектептердегі жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Орталық сайлау комиссиясының қолдауымен дауыс беруге арналған кабиналар жаңартылып, тозығы жеткен стационарлық және тасымалданатын жәшіктер ауыстырылуда. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық стендтер сатып алынды.

– Қазіргі сайлау үдерісінде цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Бұл бағыттағы жаңашылдықтарға тоқталсаңыз...

– Бүгінде ашықтық пен қолжетімділік – басты талаптың бірі. Барлық сайлау учаскесі жоғары жылдамдықтағы интернетпен және стационарлық телефон байланысымен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда 34 сайлау учаскесінде бейнебақылау жүйелері жұмыс істейді. Бұл барлық учаскенің 94,4 пайызын құрайды.

Учаскелік комиссиялар 3 тамыздан жұмысын бастайды. Тұрғындар таңғы 09:00-ден сағат 18:30-ға дейін келіп, өздерінің сайлаушылар тізіміне енгізілгенін тексере алады. Сонымен қатар, 27 ірі сайлау учаскесінде азаматтардың тіркелуі жөніндегі мәліметтерді «Электрондық үкімет» порталы арқылы онлайн тексе-

руге мүмкіндік беріледі. Барлық учаскенің техникалық дайындығын төтенше жағдайлар қызметі, полиция және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары тексеріп жатыр.

– Мемлекет басшысы әрдайым инклюзивті қоғам құрудың маңызын айтып келеді. Сайлауда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға тең жағдай жасалған болар...

– Біз үшін әр азаматтың дауысы бірдей маңызды. Барлық 36 сайлау учаскесі бірінші бағатта орналасқан. 32 учаскеде талапқа сай пандустар бар. №5 мектеппен балалар өнер мектебінің филиалында көтергіш құрылғылар орнатылған. Ал, төрт нысанда олардың қажеттілігі жоқ. Барлық учаске шақыру батырмаларымен, тактильді бағыттағыш, арнайы кабиналар, ақпараттық бұрыштармен және экрандық қолжетімділік бағдарламасы бар компьютерлермен жабдықталған. 33 учаскеде бейімделген санитарлық тораптар жұмыс істейді. Инватаксі мен сурдоаудармашы қызметтері де алдын ала қарастырылған. Қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік сала мамандары және сарапшылардан құралған мобильді жұмыс тобы құрылды. Олар 3 тамыздан бастап, барлық сайлау учаскесін аралап, қолжетімділік деңгейіне бағалау жүргізеді.

– Сайлау комиссияларының кәсіби даярлығы қалай?



– Сайлау комиссиясының әр мүшесі заңнаманы жетік білуі тиіс. Сондықтан, оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. 24 шілдеде Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Д.Уатай учаскелік комиссиялардың төрағалары мен хатшыларына арналған тәжірибелік семинар өткізді. Онда дауыс беру күніндегі барлық рәсімдер кезең-кезеңімен түсіндірілді. Қазір каскадтық тәсілмен қалған комиссия мүшелеріне де оқыту жүргізілуде. 27 шілдеден бастап басшылық құрам заңнаманы білу бойынша тест тапсырды. Бүгінде төрағалар, олардың орынбасарлары мен хатшылардың 100 пайызы тестілеуден сәтті өтті. Қалған мүшелер тамыздың алғашқы онкүнінде оқып, білімін тексереді.

– Бүгінде сайлауды үгіт-насихат жүріп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар туралы не айтасыз?

– Сайлауды үгіт-насихат 23 шілде күні сағат 18:00-де басталды және дауыс беру алдындағы күннің 00:00-де аяқталады. Заң талаптарына сәйкес дауыс беру күні және оның алдындағы күні кез келген үгіт-насихатқа тыйым салынады. Қала әкімдігінің қаулысымен саяси партиялардың баспа материалдарын орналастыру үшін 16 арнайы орын белгіленді. Сондай-ақ, сенім білдірілген тұлғалардың сайлаушылармен кездесетін орындары анықталып, бұл туралы ақпарат ресми жарияланды. Қазіргі таңда аумақтық сайлау комиссиясы саяси партиялардың сенім білдірілген тұлғаларын тіркеуді жалғастыруда.

– Әңгімеңізді түйіндесек...

– Сайлау – мемлекеттің гана емес, әр азаматтың жауапкершілігі. Әрбір берілген дауыс – елдің ертеңіне қосылған үлес. Сондықтан, барлық балқаштықты белсенділік танытып, өз таңдауын жасауға шақырамын. Біздің басты міндетіміз – әр сайлаушыға тең мүмкіндік жасап, сайлаудың ашық, әділ әрі заң аясында өтуін қамтамасыз ету. Бұл бағыттағы жұмыстар толық бақылауда болады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлос КӨРІМ
«Ortalyq Qazaqstan»



мемлекет дамуының бағытын айқындауға ықпал етеді. Сайлауға қатысу – конституциялық құқық және елдің болашағына деген азаматтық жауапкершіліктің көрінісі.

Құрылтайдың тиімді қызметі кәсіби әрі жауапты депутаттардың жұмысына, заңдардың сапасына және қоғаммен ашық диалог орната білуіне байланысты. Заң шығарушы орган қабылдайтын әр шешім халықтың тұрмыс сапасына, экономиканың дамуына және әлеуметтік тұрақтылыққа әсер етеді. Сондықтан, қоғамның пікірін ескеріп, халықтың мүддесіне сай заңдар қабылдау – Құрылтай жұмысының негізгі қағидатының бірі болады.

23 тамызда өтетін сайлау – жаңа саяси институттың қалыптасуына жол ашатын маңызды кезең. Бұл науқан арқылы азаматтар заң шығарушы органның құрамын айқындап, елдің алдағы даму бағытына қатысты өз ұстанымдарын білдіреді.

Құрылтайдың құрылуы – мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған реформалардың заңды жалғасы екенін атап өткен жөн. Сондықтан, алдағы сайлауды елдің саяси дамуындағы кезекті маңызды белес ретінде бағалайды мамандар.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ПІКІР

Азаматтық парыз

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы өтеді. Сайлау – Қазақстан Республикасы Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекеттік істерді басқаруға қатысу жөніндегі конституциялық құқықтарын жүзеге асырудың маңызды тетігінің бірі.

Білім беру саласы үшін құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және мемлекеттік институттарға құрметпен қарауды тәрбиелеу ерекше маңызға ие. Білім беру ұйымдары жас ұрпақтың бойына заңға құрмет, ел тарихы мен ұлттық құндылықтарды қастерлеу, қоғам өміріне саналы әрі жауапкершілікпен қатысу сияқты қасиеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – сапалы білім беруден қатар, сыни тұрғыдан ойлайтын, саналы шешім қабылдай алатын, әртүрлі

пікірлерге құрметпен қарайтын және заң үстемдігі қағидаттарын ұстанатын тұлғаны тәрбиелеу. Бұл қасиеттер құқықтық мәдениеттің нығайтуына және азаматтық қоғамның дамуына ықпал етеді.

Сайлау кезеңінде жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларды сайлау заңнамасының негізгі қағидаларымен таныстыру және азаматтық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру ерекше өзектілікке ие. Педагогикалық қауымдастықтың осы бағыттағы жүйелі жұмысы өз елінің тағдырына бейжай қарамайтын, заңды құрметтейтін және қоғамның дамуына үлес қоса алатын жауапты азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған.

Азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының талаптарын сақтай отырып қатысуы – құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды одан әрі нығайтудың маңызды негіздерінің бірі.

Мейірман СЫЗДЫҚОВ,
Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының орынбасары

• ҚҰРЫЛТАЙ КҮНДЕЛІГІ

Жауапты науқанға жан-жақты әзірлік

Қарағанды қаласында алдағы Құрылтай сайлауына дайындық жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Қалалық сайлау комиссиясының мәліметінше, сайлау науқанына қатысты барлық ұйымдастыру шаралары уақытылы орындалуда. Негізгі міндет – дауыс беру үдерісін заң талаптарына толық сәйкес өтуін қамтамасыз етіп, әр азаматтың сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына жағдай жасау.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қарағанды қаласы бойынша 189 учаскелік сайлау комиссиясы құрылған. Оның 22-сі уақытша болатын орындарда орналасқан. Қазыбек би ауданында 106 учаскелік комиссия, оның ішінде, 11-і уақытша болатын орындарда. Ал, Әліхан Бөкейхан ауданында 83 учаскелік комиссия жұмыс істейді. Мұнда да 11 комиссия уақытша болатын мекемелерде орналасқан. Жалпы, учаскелік сайлау комиссияларының құрамында 1513 адам еңбек етеді. Оның ішінде, 189 комиссия төрағасы, 189 төраға орынбасары, 189 хатшы және 946 комиссия мүшесі бар.

Қаладағы 167 ашық учаскелік сайлау учаскесінің барлығы ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолжетімді. Барлық учаске пандуспен, тактильді бағыттағыштармен және шақыру батырмаларымен жабдықталған. Бұдан бөлек, Григорий Потанин атындағы жалпы білім беретін мектепте орналасқан №16 учаскелік сайлау комиссиясында мүгедектігі бар азаматтарға арналған оқу-мәдени кабинет жасакталған.

Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дархан Малдыбаевтың айтуынша, ұйымдастыру жұмыстарының әрбір кезеңі заңнама талаптарына сай жүргізіліп келеді.

– Сайлау – ең алдымен азаматтардың конституциялық құқығын жүзеге асыратын маңызды саяси науқан. Сондықтан, әр учаскенің материалдық-техникалық дайындығына да, комиссия мүшелерінің кәсіби жұмысына да ерекше көңіл бөлініп отыр. Барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде орындалуда, – деді Дархан Малдыбаев.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес, 9 шілдеде облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустиальная Караганда» газеттерінде, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен олардың шекаралары жарияланды.

Сайлауды үгіт материалдарын орналастыру үшін қала бойынша 30 арнайы орын белгіленді. Оның 16-сы Қазыбек би ауданында, 14-і Әліхан Бөкейхан ауданында орналасқан.

Сонымен бірге, кандидаттардың сайлаушылармен кездесуіне арналған жеті орын бекітілді.

Сайлауды үгіт-насихат кезеңі 2026 жылғы 23 шілдеде басталып, 22 тамыз күні сағат 00.00-де аяқталады. Кездесу кестелері Қарағанды қаласы әкімдігінің ресми сайтында және облыстық басшыларда жарияланған.

2 тамызда учаскелік сайлау комиссияларына сайлаушылар тізімі тапсырылған. Бұл құжат – азаматтардың белсенді сайлау құқығын жүзеге асырудағы негізгі тетіктердің бірі. Заңнамаға сәйкес, сайлаушы өзі тіркелген мекенжайдағы учаске бойынша тізімге енгізіледі. Егер азамат сайлау күні сол мекенжайда болмайтын болса, алдын ала өтініш беру арқылы уақытша болатын жеріндегі сайлаушылар тізіміне енгізілуіне мүмкіндік бар.

Ал, 7 тамыздан бастап, басқа жерде болатын сайлаушылар жеке куәлігін көрсетіп, жазбаша өтініш негізінде есептен шығару куәлігін ала алады. Бұл оларға өздері болатын елді мекендегі учаскеде дауыс беруге мүмкіндік береді.

Учаскелік сайлау комиссиялары 12 тамызға дейін барлық сайлаушыны дауыс беру уақыты мен орны туралы хабардар етеді. Уақытша болатын орындардағы жекелеген учаскелерде дауыс беру уақыты аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен белгіленеді.

Цифрлық қызметтер де назардан тыс қалған жоқ. Қаладағы 167 учаскеде азаматтардың тіркелу деректерін тексеруге арналған онлайн-сервистер жұмыс істейді. Ал, үш учаскеде шағын ХҚКО қызметі ұйымдастырылып, тіркеуі жоқ азаматтарға сол жерде тіркелуге мүмкіндік беріледі.

Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дархан Малдыбаев комиссия мүшелерінің тәжірибесіне де ерекше тоқталды.

– Бүгінде учаскелік сайлау комиссиялары құрамындағы қызметкерлердің 91 пайызы бұрынғы сайлау науқандарына қатысып, мол тәжірибе жинақтаған. Бұл дауыс беру процесінің ашық әрі сапалы ұйымдастырылуына оң ықпал етеді. Біз үшін ең бастысы – заң талаптарының сақталуы мен қоғам сенімін ақтау, – деді ол.

Болашақ саналы тандауда

Қазақ Елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған саяси реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Сол өзгерістердің маңыздысы – заң шығарушы биліктің жаңа үлгісін қалыптастыру. Осы ретте биыл 23 тамызда ел азаматтары алғаш рет Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысады. Бұл сайлау жаңа конституциялық модель аясында өтетін алғашқы парламенттік науқан ретінде елдің саяси өміріндегі маңызды оқиғаның бірі саналады.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жүйенің басты ерекшелігінің бірі – депутаттардың бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер арқылы сайлануы. Бұл саяси партиялардың жауапкершілігін арттырып, олардың бағдарламалары мен бастамаларына сайлаушылардың тікелей баға беруіне мүмкіндік береді.

Құрылтай атауының өзі тарихи мәнге ие. Түркі халықта-

рының тарихында құрылтай ел тағдыры талқыланатын, маңызды мемлекеттік мәселелер шешілетін кеңес болғаны белгілі. Бүгінде осы тарихи атаудың еліміздің жаңа парламенттік институтына берілуі ұлттық мемлекеттілік дәстүрі мен қазіргі мемлекеттік басқару қағидаларының сабақтастығын білдіреді.

Жаңа саяси модель билік тармақтарының өзара тиімді жұмыс істеуіне негізделген. Оның мақсаты – мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыру,

шешім қабылдау тиімділігін күшейту және қоғам сұранысына жедел жауап бере алатын басқару жүйесін қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда Құрылтай елдегі реформаларды іске асыратын маңызды институттың біріне айналмақ.

Қазіргі таңда елімізде азаматтардың сайлау мәдениетін қалыптастыруға және олардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі, демократиялық қоғамда әрбір азаматтың дауысы

Бітімгерлік бірлікті қуаттайды



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қазақ халқы дауды ұшықтырмай, сөзге тоқтап, бітіммен шешуді ежелден елдіктің белгісі санаған. «Тура биде туған жоқ», – деген қағиданы ту еткен билер институты тек төрелік айтумен шектелмей, араз ағайынды табыстырып, ел ішінің тұтастығын сақтаған. Бүгінгі медиация да – сол дала даналығының заманауи құқықтық жалғасы. «Медиация туралы» Заңның күшіне енгеніне биыл 15 жыл толды. Осыған орай, облыстық медиация кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. «Диалог, сенім және медиация: Қазақстан Республикасы жана Конституциясының құндылықтарын іске асыру» тақырыбындағы басқосуға мемлекеттік органдар өкілдері және қоғамдық медиаторлар қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында медиация институтының жүріп өткен жолы, бүгінгі жетістігі мен алдағы міндеттері талқыланды. Отырысты облыстық медиация кеңесінің төрағасы Дмитрий Полтаренко тізгіндеді. Ол медиацияның қазіргі қоғамдағы маңызына тоқталып, бейбітшілік әр азаматтың күнделікті жауапкершілігінен басталатынын атап өтті.

– Медиация – қазіргі әлемдегі бейбіт диалог қалыптастыруға бағытталған маңызды

құрал. Оның қайнар бастауында қазақтың билер институтынан жалғасып келе жатқан бітімгерлік дәстүрі жатыр. Біз – әртүрліміз, бірақ, теңбіз. Қазақстан – баршамызға ортақ үй. Егер осы ортақ шаңырақтағы татулық пен келісімді нығайтуға өзіміз күш салмасақ, қоғамға алауыздық енгізісі келетіндер көп. Сондықтан, дауды ұшықтырмай, оның алдын алу және жұртты өзара түсіністікке шақыру – бәрімізге ортақ міндет, – деді Дмитрий Полтаренко.

Әрі қарай облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы

Нұрлан Бикенов «Этномедиация саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл: тиімділікті арттырудың сын-қатерлері мен жолдары» атты баяндамасында азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, дау-дамайдың туындауына жол бермеу керек екенін сөз етті.

– Қоғамда өзекті болып тұрған мәселелерді осы саланың білікті мамандарымен бірге талқылап, оның алдын алу жолдарын қарастырып қашан да маңызды. Бүгін айтылған орамды ойлар қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске ұласуға тиіс. Медиация – құқық бұзылғаннан кейін ғана қолданылатын тәсіл емес, дау-дамайдың өршуіне жол бермейтін тиімді құрал. Осындай кездесулер мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланысты нығайтып, ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады, – деді Нұрлан Рахметоллаұлы.

«Zolotaya seredina-SM» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, кәсіби тренер-медиатор Света Шардарбекова облыстағы медиация институтының жетістіктері мен өзекті мәселелеріне тоқталды.

– Қазіргі уақытта өңірде «Қақтығысыз қоғам: медиация – дауларды шешудің баламалы тәсілі» әлеуметтік жобасы жү-



зеге асырылуда. Оның мақсаты – тұрғындарға медиацияның мүмкіндігін түсіндіріп, кез келген келіспеушілікті сотқа жеткізбей-ақ, бейбіт жолмен реттеуге болатынын көрсету. Жоба аясында азаматтарға құқықтық кеңестер беріліп, мемлекеттік қызметшілерге, педагогтер мен психологтерге, жастарға арналған семинарлар мен кездесулер өткізіліп келеді, – деді ол.

Одан әрі облыстық соттың апелляциялық сатысының судьясы Динара Мутубаева отбасылық дауларды шешудің заманауи құқықтық модельдерін сөз етті. Ал, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Е.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры Анжела Инжиголяна медиацияның әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуғағы рөлін саралады.

Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, медиация институтын одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға белсене атсалысып, медиация институтының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар маман облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Суреттерді түсірген автор

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Желілер жаңарады

Ақтас кентінде электр желілерін жаңғырту жұмыстары қарқын алды. Ескі ағаш тіректер кезең-кезеңімен заманауи темірбетон бағаналарға ауыстырылып жатыр. Бұл тұрғындарды сапалы әрі тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етіп, апаттық ажыратуларды азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту жұмыстарының басты мақсаты – электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттырып, тұрғындарды сапалы әрі үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету. Заманауи темірбетон тіректер ұзақ жылдар пайдалануға есептелген әрі қолайсыз ауа райына төзімді.

Мамандардың айтуынша, жаңа тіректерді орнату апаттық жағдайлардың алдын алып қана қоймай, электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін де арттырады.

Ақтастағы жаңғырту жұмыстары облыста жүзеге асырылып жатқан ауқымды бағдарлама аясында жүргізілуде.

Энергетикалық инфрақұрылымды жаңарту нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі төмендеп, апаттық ажыратулар саны қысқарады.

Өз тілшімізден

Ауылға асфальт жетті



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шалғай ауылдың тіршілігі көбіне жолға тәуелді екені қадір. Жол жақсы болса, жолаушының жүрісі жеңілдеп, ауыл шаруашылығының да өрісі кеңейеді. Өнімді нарыққа дер кезінде жеткізуге, жана техника алуға, кәсіпті ұлғайтуға мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан алғанда, Бұқар жырау ауданындағы Суықсу ауылына дейін асфальт төселуді – елдімекен тұрғындары көптен күткен маңызды жаңалық.

Жол жөнделетінін естіген соң, мемлекеттік бағдарлама арқылы жаңа трактор сатып алдым. Енді шаруашылығымды кеңейтуді жоспарлап отырмын. Бұрын жолдың нашарлығынан техникаға қаржы салуға жүрексінетінбіз. Өйткені, тапқан табыстан жөндеуге кететін шығын көп болатын, – дейді шаруа.

Биыл облыстық маңызы бар «Қарағанды-Калинино-Ақбастау-Суықсу» автомобиль жолының



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суықсу – тіршілігін төрт түлікпен өркендеткен, жердің берекесін еңбектен тапқан ауылдың бірі. Алайда, осы уақытқа дейін ауылдың Қарағанды қаласымен қатынасын қиындатқан басты мәселе – жолдың жайы еді.

Ауыл тұрғындары қордаланған мәселені облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жеке қабылдауында көтерген еді. Елдің өтінішінен кейін бұл бағыттағы жолды орташа жөндеу бағдарламасына енгізу жөнінде шешім қабылданды. Жол жөндеу жұмыстарын облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ұйымдастырды.

Жаңа жолдың игілігін, ең алдымен, жергілікті шаруалар сезінсе керек. Суықсу ауылындағы шаруа қожалығының иесі Хамит Қамбарұлының айтуынша, асфальттың төселуді кәсіпті кеңейтуге деген сенімді арттырған.

– Ауылымызға бұрын-соңды асфальт жол салынған емес. Қалаға қатынау қиын болғандықтан, көліктер жиі сынып жататын.

жалпы ұзындығы 9 шақырым болатын екі учаскесі орташа жөндеумен қамтылды. Оның 4 шақырымы республикалық автожолдан Ақбастау кентіне дейінгі аралыққа тиесілі. Ал, қалған 5 шақырым Ақбастаудан Суықсу ауылына дейінгі бағытты қамтиды.

Жоба аясында жол төсеміндегі ақаулар жойылып, жаңа асфальтбетон жабыны төселуде. Сонымен қатар, жол жиектері нығайтылып, су өткізу құбырлары жөнделді. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жол белгілері орнатылып, таңбалар сызылады.

Қазіргі таңда Ақбастау мен Суықсу арасындағы бес шақырымдық учаскеге асфальт төсеу жұмыстары толық аяқталған. Енді мамандар су өткізу құбырларын қалпына келтіру жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Жалпы, биыл Қарағанды облысында республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 500 шақырымға жуық бөлігі жаңартылуда. Бұдан бөлек, көпірлер жөнделіп, қалалар мен аудандардағы көше-жол желілерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Көкжиегі кең көлік дәлізі

Еліміздің көлік инфрақұрылымын жаңғырту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған экономикалық саясаттың негізгі басымдығының бірі. Президент өз Жолдауларында өңіраралық байланысты күшейтіп, сапалы автомобиль жолдарының үлесін арттыру, ішкі логистиканы дамыту және халықтың қауіпсіз әрі қолайлы қатынасын қамтамасыз ету міндетіне ерекше назар аударды. Осы тапсырмалар аясында «Қарағанды-Жезқазған» республикалық автожолының құрылысы қолға алынды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жоба Орталық Қазақстанның көлік жүйесін жаңғыртып қана қоймай, елдің транзиттік әлеуетін күшейтуге, өңірлер арасындағы экономикалық байланысты нығайтуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Жаңа магистраль іске қосылғаннан кейін жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігі артып, жол қозғалысының қауіпсіздігі жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазіргі таңда жаңа «Қарағанды-Жезқазған» республикалық автожолының Жаңаарқадан Қарағанды бағытына қарай созылған учаскесінде құрылыс жұмыстарының дайындық кезеңі қарқынды жалғасуда. Мердігер ұйымдар болашақ жолдың берік негізін қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыстарды бастап кеткен.

Жобаның жалпы ұзындығы 457 шақырымды құрайды. Соның 122 шақырымы Қарағанды облысының аумағы арқылы өтеді. Автожол II техникалық санат бойынша салынып, екі қозғалыс жолағынан тұрады. Жаңа тасжол қолданыстағы жолдың бойымен қатар жүргізілуде. Пайдалануға берілгеннен кейін ол халықаралық маңызына ие болады. Жаңа тасжол қолданыстағы жолдың бойымен қатар жүргізілуде. Пайдалануға берілгеннен кейін ол халықаралық маңызына ие болады.

Бүгінде құрылыс алаңында дайындық жұмыстары бірнеше бағытта. Жекелеген учаскелерде құнарлы топырақ қабаты алынып, жол төсемінің негізі жоспарланып, арнайы техникамен нығыздалуда. Сонымен қатар, геологиялық және геодезиялық іздегіру жұмыстары жүргізіліп, болашақ жолдың ин-



женерлік негізі жан-жақты зерттелуде. Бұл кезең құрылыс сапасының ұзақ мерзімді болуына тікелей әсер етеді.

Сонымен бірге, құрылысқа қажетті инфрақұрылым да қалыптастырылуда. Вахталық қалашықтар мен өндірістік базалар

бойы автожолды күтіп-ұстауға да толық жауап береді.

Мұндай модель құрылыс сапасына деген жауапкершілікті едәуір күшейтеді. Себебі, мердігер кейін жолды өзі күтіп ұстайтынын ескере отырып, құрылыс барысында материалдардың са-



орналасатын алаңдар дайындалып, құрылыс техникасы, арнайы жабдықтар және мамандар кезең-кезеңімен жұмылдырылуда. Мұндай ұйымдастыру жұмыстары негізгі құрылыс кезеңіне келергісіз көшуге мүмкіндік береді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы. Компания еліміздегі республикалық маңызы бар жолдарды жаңғырту бойынша ірі жобаларды іске асырып келеді. «Қарағанды-Жезқазған» автожолы да сол кешенді бағдарламаның маңызды бөлігі саналады.

Аталған жобаның ерекшелігі – Қазақстан жол құрылысы саласында қолданылған енгізіліп келе жатқан DBM (Design – Build – Maintain) моделінің қолданылуы. Бұл тәсіл бойынша мердігер ұйым жолды жобалап, салып қана қоймайды. Ол нысан пайдалануға берілгеннен кейінгі жеті жыл

пасына, технологиялық талаптардың сақталуына және инженерлік шешімдердің тиімділігіне ерекше көңіл бөледі. Соның нәтижесінде жөндеу шығындары азайып, жобаның қымбаттау немесе мерзімінен кешігу тәуекелі төмендейді.

Жаңа «Қарағанды-Жезқазған» автожолы еліміздің көлік инфрақұрылымы үшін стратегиялық маңызға ие. Ұзақ жылдар бойы көтеріліп келген бұл мәселенің шешілуі Орталық Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді деп күтілуде.

Ең алдымен, жаңа магистраль еліміздің орталық, солтүстік және оңтүстік өңірлерін жалғайтын маңызды көлік дәлізіне айналады. Бұл өңіраралық байланысты күшейтіп, өндірістік кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен логистикалық компаниялар үшін тасымал шығындарын азайтады.



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Сондай-ақ, жаңа жолдың пайдалануға берілуі көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырады. Заманауи жол төсемі, халықаралық талаптарға сәйкес инженерлік шешімдер мен жол инфрақұрылымы жол-көлік оқиғаларының алдын алуға ықпал етеді. Бұған қоса автожолдың өткізу қабілеті едәуір ұлғайып, жүк көліктері мен жеңіл автокөлік-



тердің қозғалысы анағұрлым тиімді ұйымдастырылады.

Жобаның тағы бір маңызды нәтижесі – тұрғындардың уақытын үнемдеу. Қазіргі жол жағдайымен салыстырғанда жаңа трасса пайдалануға берілген соң жол жүру уақыты қысқарып, өңірлер арасындағы қатынас әлдеқайда қолайлы болады. Бұл кәсіпкерлік белсенділіктің артуына, туризмнің дамуына және халықтың мобильділігінің өсуіне де оң әсер етеді.

Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі. Автокөлік қозғалысы жекелеген учаскелердің дайын болуына қарай біртіндеп ашылады. Құрылыс процесі тоқтамай, көлік қатынасы сақталады. Жобаны толық аяқтау 2029 жылға жоспарланған.

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Байтамдағы бағзы белгі

Қарағандының көмір өндірісімен әлемге танылған бүгінгі асқақ келбеті мен алып өндірістік қуаты бір күнде қалыптасқан жоқ. Бұл тарихтың тереңінде жердің жайын таныған, ел ісіне білек сыба-на араласқан, қоғамдық және шаруашылық өмірінде айрықша із қалдырған талай біртуар тұлғалардың тағдыры өріліп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи-мәдени мұраны сақтау мақсатында археология мен реставрация саласында нақты тәртіп орнатып, теңдессіз тарихи нысандарды келер ұрпаққа қаз-қалпында аман жеткізу қажеттігін қадап айтқаны мәлім. Елдік деңгейдегі осы ауқымды міндеттің аймақтағы нақты әрі жемісті көрінісінің бірі – Байтам ауылындағы Ігілік би кесенесінің ғылыми негізде қалпына келтірілуі.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Оянған өлкенің» сом тұлғасы

Ігілік Өтепұлы – XIX ғасырдағы Сарыарқа даласының ең ықпалды, беделді тұлғасының бірі. Тарихи құжаттар мен шежірелік анықтамаларда ол Қареке-Алтай болысының бас биі, дәулеті мен абыройы қатар жүрген, сөзі дуалы ірі тұлға ретінде сипатталады. Ел ішіндегі күрделі дау-дамайларға әділ төрелік айтып, көшпелі шаруашылықтың тізгінін ұтымды ұстаған Ігілік бидің есімі Қарағанды көмір алабының алғашқы игерілу тарихымен тығыз сабақтасып жатыр.

Өлкетанушылардың қаперге аларлық деректеріне сүйенсек, кара алтын қоры тұнып жатқан жерлердің біраз бөлігі кезінде Ігілік би мен оның ұрпақтарының иелігінде болған. Кейіннен бұл аумақтың орыс кәсіпкерлерінің қарамағына өтуі Қарағанды көмірін өндірістік, өнеркәсіптік жолмен игерудің іргетасын қалады.

Оның кесек тұлғасы қазақтың көркем әдебиетінен де ойып тұрып орын алды. Қазақ сөз зергері Ғабит Мүсірепов өзінің әйгілі «Оянған өлке» романында Ігілік бейнесі арқылы өндіріс дәуірі қарсаңындағы дүмпулі өзгерістердің күрделі сипатын шебер ашып берді. Өрине, көркем шығармадағы Ігілік – нақты тарихи тұлғаның негізінде, қаламгердің қиялымен сомдалған жиынтық образ. Десе де, классикалық роман оның есімін қалың оқырманның, жалпы халықтың жадында



мәңгілікке жаңғыртып, өңір тарихындағы орнын өлшеусіз биікке көтерді.

Байтамдағы үнсіз шежіре

Ігілік би бейітінің басындағы еңселі кесене шамамен 1875-1880 жылдары тұрғызылған деп болжанады. Сегіз қырлы, күмбезді бұл бірегей құрылыс күйдірілмеген шикі кірпіштен аса асқан шеберлікпен қаланған. Өкінішке қарай, осынау сәулет өнерінің үлгісін тұрғызған сәулетші-шеберлер туралы нақты жазбаша деректер бүгінге жетпеді. Алайда, кесененің геометриялық пішіні мен қалану тәсілі XIX ғасырдағы Сарыарқа өңіріне тән мемориалдық сәулет өнерінің өзіндік қайталанбас қолтаңбасын айқын аңғартады.

Ігілік бидің өмір сүрген уақыты мен кесененің салынған мерзімін ғылыми тұрғыда салыстыра зерделегенде, мазардың ол дүниеден өткен соң тұрғызылғаны байқалады. Демек, бұл архитектуралық ескерткішті бидің тікелей ұрпақтары немесе оның ел алдындағы еңбегін жоғары бағалаған, қадірін білген замандастары салдыруы әбден ықтимал. Бұл – кесененің ғылыми төлқұжатын жасақтап, архив қатпарларынан тың деректер іздеуді қажет ететін, әлі де тереңірек қаза түсуді сұрап тұрған тың тақырып.

Мазар орналасқан аумақтың халық арасында «Байтам» атануы да тегін емес. Бұл елдің тарихи жадынан, дәулетті адамның көрнекті бейітіне берілген бағадан

туған топонимикалық белгі. Дала төсінде менмұңдалаған еңселі құрылыс ғасырға жуық уақыт бойы ауыл тұрғындарына бағдаршы нысан болып, Ігілік би есімін ұрпақтан-ұрпаққа аңыз етіп жеткізіп келді. Кейіннен бұл тарихи орын республикалық маңызы бар тарих және сәулет ескерткіші мәртебесін алып, мемлекеттік қорғауға алынды.

Дегенмен, уақыт пен табиғаттың қатал заңы шикі кірпіштен қаланған көне құрылысқа өз таңбасын салмай қоймады. Ғасырдан асқан жауын-шашын, бетқарытар аяз бен Сарыарқаның екпінді желі кесененің қабырғаларын мүжіп, жекелеген бөліктерінің беріктігіне айтарлықтай нұқсан келтірді. Мұндай киелі нысанды қарапайым заманауи құрылыс тәсілдерімен, қалай болса солай жөндей салу – тарихқа қиянат. Өйткені, оның әрбір қабаты, әрбір кірпіші мен бастапқы геометриялық пішіні баға жетпес тарихи дереккөз саналады.

Мұраны жаңғырту – тарихты сақтау

Сайып келгенде, кейінгі жылдары Қарағанды облысында тарихи-мәдени мұра нысандарын реставрациялауға, олардың бастапқы төл келбетін сақтап қалуға айрықша мән беріле бастады. Осынау игі істің аясында Ігілік би кесенесінің де әлсіреген қабырғалары бекітіліп, уақыт тезіне ұшыраған тұстары ғылыми негізде жаңғырды. Нысанның айналасы ретке



МӘДЕНИ МҰРА

келтіріліп, тарихи кескінін барынша бұзбай сақтау – реставраторлар алдындағы ең басты әрі бұлжымас талап ретінде белгіленді.

– Кейінгі жылдары өңіріміздегі тарихи-мәдени мұра нысандарын зерттеуге, қалпына келтіруге және олардың бастапқы келбетін сақтауға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл – жалаң өткенге құрмет көрсетіп қана қою емес, тұтас ұлттық жадымызды жаңғыртып, баға жетпес тарихи мұраны келер ұрпаққа аман жеткізуге бағытталған жүйелі де ауқымды жұмыс. Ігілік би кесенесінің Қарағанды қаласына жақын орналасуы оның танымдық және туристік әлеуетін еселей түседі. Жол қатынасы қолайлы болғандықтан, мұнда өлке тарихына қызығатын ішкі туристер мен қонақтардың көптеп келуіне толық мүмкіндік бар. Сондықтан, нысанды қалпына келтіріп қана қоймай, оның туралы мәнін кеңінен танытып, келушілерге барлық қажетті инфрақұрылымдық жағдайды жасау – күн тәртібіндегі маңызды мәселе, – деп атап өтті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының бас инспекторы Жанболат Мәжитов.

Шыңтауайтына келгенде, кесенені жаңғырту жұмыстары оның қабырғасын сылап-сипап бекітумен шектеліп қалмауға тиіс. Бұл – ауқымды кешенді жұмыстың басы ғана. Алдағы уақытта нысанның ғылыми тарихын толық жүйелеп, мазмұнды ақпараттық тақталар мен жол сілтегіштер орнату қажет. Сондай-ақ, заманауи цифрлық технологияларды (QR-кодтар, аудиогидтер) ұтымды пайдаланып, Ігілік би туралы құнды деректерді кез келген келушіге қолжетімді ету – уақыт талабы. Осынау киелі орынды Қарағандының көмір өндірісі тарихымен, Саран қаласы мен Байтам ауылының шежіресімен, одан қалды «Оянған өлке» романындағы оқиғалармен сабақтастыра отырып, біртұтас мәдени-танымдық туристік бағытқа айналдырудың әлеуеті зор.

Сурет облыстық тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығынан

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ
2026

Әйелдер бизнесінде жаңа платформа

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әйел кәсіпкерлерді қаржыландыруды мониторингтеуге арналған ұлттық аналитикалық платформаны іске қосты. Бұл – еліміздегі әйелдердің қаржы ресурстарына қолжетімділігі туралы деректерді жүйелі түрде жинақтап, талдауға мүмкіндік беретін алғашқы цифрлық ресурс.

Платформа агенттік пен Еуропалық қайта құру және даму банкінің бірлескен жобасы ретінде Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру бағдарламасы аясында әзірленді. Жобаның негізгі мақсаты – әйел кәсіпкерлердің қаржылық қызметтерге қолжетімділігін кеңейтіп, осы бағыттағы шешімдерді нақты деректер негізінде қабылдауға жағдай жасау.

Жоба аясында агенттік кредиттер бойынша мәліметтерді жинақтап, әйел кәсіпкерлерді сәйкестендірудің арнайы әдіснамасын әзірледі. Бұл тәсіл алғаш рет әйелдердің кәсіпкерлікті несиелендірудегі үлесін жан-жақты бағалауға және сенімді статистикалық база қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Платформа банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы берілетін қаржыландыруды кешенді түрде талдайды. Онда шағын, орта және ірі бизнес субъектілерінің кредиттік портфельдері, олардың құрылымы мен сапасы, өңірлік және салалық ерекшеліктері, сондай-ақ қарыз алушылардың демографиялық және ұйымдық көрсеткіштері қамтылған.

Біраңғай сүзгілеу жүйесінің көмегімен пайдаланушылар есепті кезең, кәсіпкерлік субъектісінің түрі, бизнес көлемі және өңірлер бойынша қажетті аналитикалық мәліметтерді өздігінен қалыптастыра алады.

Платформа үш тілде жұмыс істейді және тәулік бойы қолжетімді. Оның іске қосылуы әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру туралы ақпараттың ашықтығын арттырып, мемлекеттік қолдау шараларын тиімді жоспарлауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

Өңір туризмінің өрлеу кезеңі



(Соңы. Басы 1-бетте).

Оның ішінде қонақүй бизнесі мен қоғамдық тамақтандыру саласына құйылған қаржы 4 миллиард теңгеге жетіп, алдынгы көрсеткішпен салыстырғанда 3,7 есе артты. Бұл инвесторлардың аймақтың туристік мүмкіндіктеріне деген қызығушылығы мен сенімінің артып отырғанын білдіреді, – деді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Соңғы жеті айдың ішінде облыста 14 бірдей жаңа туристік жоба бой көтерді. Соның ішінде, Балқаштың индустриялық туристік аймағында заманауи талаптарға сай бес демалыс орны туристерге есігін ашқан ашқан. Атап айтсақ, «Premium Villa Balkhash», «SannyDaysResort», «Монако», «Керемет» және «Sunday» кешені. Туристік бағыттардың қолжетімділігін арттырып, жол бойындағы сервисті дамыту мақ-

сатында Қарқаралы өңірі мен Қарағанды қаласында да жаңа жобалар іске қосылды. «Qazaq Oil» серіктестігінің қолдауымен еуропалық стандарттарға сәйкес келетін «Keguen Inn» жол бойындағы қонақүйлері пайдалануға берілген.

– Биыл жыл басынан бері туризм саласындағы 30 жобаға қолдау көрсетіліп, мақұлданды. Жобалардың жалпы қаржыландыру көлемі 1 млрд теңгені құрады. Бұл қаражат туристік нысандарды дамытуға, жаңа мүмкіндіктер ашуға және саланың тұрақты өсуіне бағытталған.

Атап айтқанда, кәсіпкерлер үшін «Ауыл аманаты» және «Өрлеу» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие беру, туристік нысандарды салу және реконструкциялау кезінде жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу (10%), сондай-ақ, автокөлік құралдарын сатып алуға кеткен

шығындардың 25 пайызын өтеу тетіктері қарастырылған. Санитариялық-гигиеналық нысандарды күтіп-ұстау шығындарын субсидиялау да қарастырылған, – деді басқарма басшысы.

Бүгінде өңірге ат басын бұрған саяхатшыларды «Сарыарқа» халықаралық әуежайында, Қарағанды теміржол вокзалында және Балқаш әуежайында орналасқан заманауи «Visit Qaraganda» визит-орталықтары қарсы алады. Бұл орталықтар туристерге өңірдің табиғи көрікті мекендері, тарихи-мәдени нысандары, туристік бағыттары мен сервистік мүмкіндіктері туралы толық ақпарат ұсынып, сапарын алдын ала жоспарлауға қолайлы жағдай қалыптастырып отыр. QR-кодтар, интерактивті карталар және цифрлық сервистер арқылы саяхатшылар қажетті мәліметті жылдам алып, өзіне қолайлы бағытты таңдауға мүмкіндік алады.

1 тамыздан бастап, Қазақстанда гидтер, экскурсоводтар және туризм нұсқаушыларының қызметін реттеуге бағытталған жаңа талаптар күшіне енді. Бұл өзгерістер туристік қызмет көрсету сапасын арттыруға, саяхатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және саладағы кәсіби жауапкершілік пен ашықтық қағидаттарын нығайтуға бағытталған. Туризмді дамыту – жаңа бағыттар мен көрікті орындарды таныстырумен ғана шектелмейтін, кешенді үдеріс. Оның өзегінде саяхатшыларға сапалы сервис ұсыну, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру, туристік қызмет көрсететін мамандардың біліктілігін арттыру міндеттері тұр. Жаңа ережелер осы бағыттағы талаптарды жүйелеп, саладағы кәсіби стандарттардың орнығуына жол ашады.

– Жаңа талаптарға сәйкес, гидтер, экскурсоводтар мен туризм

нұсқаушылары өз қызметін бастау үшін eLicense.kz электронды порталы арқылы арнайы хабарлама ұсынуы тиіс. Осы мәліметтер негізінде туризм саласындағы мамандардың бірыңғай мемлекеттік электрондық тізімі қалыптасады. Енгізілген өзгерістер аясында туристік қызмет көрсету тәртібі де нақтыланады. Енді туристерге қызмет көрсету ресми келісім-шарт негізінде жүзеге асырылмақ. Бұл саяхатшылардың құқықтарын қорғауға және көрсетілетін қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, туристер сапарға шықпас бұрын маршруттың ерекшеліктері, саяхат барысындағы талаптар, қауіпсіздік шаралары және басқа да маңызды ақпаратпен алдын ала таныса алады. Ал, кәсіби гидтер мен туризм мамандары туралы мәліметтер Туризм және спорт министрлігінің ресми ресурста-

рында жарияланатын болады, – деді «Visit Qaraganda» туристік ақпараттық орталығының директоры Бахтияр Бекмұрзаев.

Қарағанды облысы – тарихы бай, табиғаты айрықша, туристік әлеуеті жоғары өңірлердің бірі. Ендігі уақытта саяхатшылар аймақтың бірегей тарихи-мәдени нысандары мен табиғаты көрікті жерлерін кәсіби мамандардың сүйемелдеуімен қауіпсіз әрі мазмұнды түрде аралай алады. Туристерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру мақсатында экскурсиялық бағыттар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде де ұсынылады. Ал, «Visit Qaraganda» туристік саланы дамытуға, саяхатшылар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған бастамаларды қашан да қолдайды.

Суреттерді түсірген түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Киноиндустрия және мәдени имидж

Креативті индустрия бүгінде экономиканың қарқынды дамып келе жатқан саланың біріне айналды. Бұл бағыт шығармашылық әлеуетті дамытуға ғана емес, жаңа жұмыс орындарын ашуға, туризмді жандандыруға және өңірдің мәдени келбетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекет басшысы да креативті индустрияны қолдауды ел экономикасын әртараптандырудың маңызды бағыты ретінде атап өткен болатын.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды өңірінде өнерге бейім, шығармашыл жастар аз емес. Алайда, олардың кәсіби деңгейде жұмыс істеуіне, тәжірибе жинақтауына және өз жобаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін орта жеткіліксіз болды. Осы қажеттілікті ескере отырып, Saryarqa Creative Hub-ы кино өндірісін дамытуды негізгі бағыттың біріне айналдырды.

Хабтың басты мақсаты – аймақта толыққанды киноиндустрия экокүйесін қалыптастыру. Бұл жүйе таланттарды анықтаудан бастап, оларды оқыту, шығармашылық жобаларды жүзеге асыру және дайын өнімді көрерменге ұсынуға дейінгі барлық кезеңді қамтиды. Өңірдің тарихи-мәдени мұрасын кино арқылы насихаттап, Қарағандының шығармашылық әлеуетін республика көлемінде таныту көзделген. Бүгінде орталық бірнеше бағыттағы кино жобаларын жүзеге асырып келеді. Олардың қатарында өңірлік маңызы бар қысқаметражды көркем фильмдер, «Saryarqa тұлғалары» деректі фильмдер топтамасы, әлеуметтік роликтер және жастар аудиториясына арналған веб-сериалдар бар. Бұл жобалар тек көркем дүние жасаумен шектелмейді. Әр фильм қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуді мақсат етеді. Адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, тарихи сананы қалыптастыру, жастардың өмірлік таңдауы, отбасы құндылықтары мен тұлғалық даму мәселелері фильмдердің негізгі тақырыптарына айналған. Өңір тарихындағы маңызды оқиғалар да экран арқылы қайта жаңғырды. ҚарЛағ тарихы, кеншілердің

қажырлы еңбегі, Алаш қайраткерлерінің Қарағанды өңірімен байланысы, Ұлытау мен Сарыарканың тарихи-мәдени мұрасы шығармашылық жобалардың мазмұнын байыта түсуде. Осылайша кино өнері өткен мен бүгінді жалғайтын маңызды құралға айналып отыр, – деді облыстық жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Темірлан Серікұлы.

Киногерлердің айтуынша, Қарағанды облысының табиғаты мен географиялық ерекшелігі фильм түсіруге өте қолайлы. Бір өңірдің өзінде өндірістік калалардың ерекше сәулеті, шахталар мен зауыттар, кең дала, таулы аймақтар, көлдер, ұлттық парктер және тарихи сәулет нысандары қатар орналасқан. Мұндай алуан түрлі локациялар түрлі жанрдағы фильмдерді түсіруге мүмкіндік береді. Урбанистік драмадан бастап, тарихи туындылар мен шытырман оқиғалы фильмдерге дейін табиғи декорацияларды пайдалануға болады. Кино өндірісі туризмге де оң ықпал етеді деп есептейді. Фильмде көрермен назарын аударған табиғи немесе тарихи орындарға қызығушылық артып, адамдар сол жерлерді арнайы барып көруге ұмтылады. Бұл кинотуризмнің дамуына жол ашады. Демек, экран арқылы өңірдің табиғатын таныту – туристік әлеуетті арттырудың тиімді тәсілдің бірі.

Saryarqa Creative Hub-ның басты ерекшелігінің бірі – жергілікті жастарға басымдық беруі. Әрбір кино жобасы басталар алдында ашық кастингтер ұйымдастырады. Бұл актерлік қабілеті бар жастарға мүмкіндік. Тек актерлер ғана емес, операторлық өнерге,



Коллажды жасаған Арушан Бексенов

дыбыс режиссурасына, жарық қояуға, монтаж жасауға немесе сценарий жазуға қызығатын жастар да шығармашылық топ құрамына тартылады. Студенттер кәсіби мамандарға ассистент болып, кино өндірісінің барлық кезеңімен танысады. Түсірілім алдындағы дайындық, түсірілім барысы және пост-продакшн жұмыстары – бәрі жастар үшін тәжірибе мектебіне айналып келеді. Осындай жобалар арқылы өңірде болашақ режиссерлер, продюсерлер мен сценаристердің жаңа буыны қалыптасады.

Дегенмен, мамандар кино өндірісін дамыту оңай еместігін айттады. Олардың қаржыландыру мәселесі, кәсіби техниканың жеткіліксіздігі және білікті мамандардың тапшылығы әлі де өзекті. Әсіресе, заманауи камералар, жарық және дыбыс жабдықтары сияқты техникалардың құны жоғары. Өңірде тәжірибелі сценари-

стер мен кино продюсерлерінің саны аз. Осы мәселелерді шешу үшін хаб жергілікті кәсіпкерлермен әріптестік орнатуға, гранттық бағдарламаларға қатысуға және техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңартуға күш салуда. Сонымен бірге, Астана мен Алматыдан тәжірибелі мамандар шақырылып, шеберлік сабақтары мен интенсивті оқыту бағдарламалары өткізіледі.

Кино түсіру тек камерамен жұмыс істеуді ғана білдірмейді. Хаб шығармашылық білім беруге де ерекше көңіл бөледі. Мұнда сценарий жазу зертханалары, мобильді кино түсіруге арналған практикалық курстар, шығармашылық кездесулер мен қысқаметражды фильм байқаулары ұйымдастырылады. Осындай бағдарламалардың нәтижесінде жүзден астам жас кино өндірісінің негізгі кезеңдерін меңгеріп, бірнеше дербес кино жо-

басын жүзеге асырған. Бұл тәжірибе – жастардың шығармашылық ойлауын дамытып, олардың өз идеясын нақты жобаға айналдыруына мүмкіндік.

Өңірде түсірілген фильмдердің республикалық және Орталық Азия деңгейіндегі киноплатформаларда көрсетілуі Қарағандының мәдени имиджін нығайта түсті. Ұзақ жылдар бойы Қарағанды өнеркәсіптік өңір ретінде танылып келсе, бүгінде ол шығармашылық бастамалар жүзеге асатын жаңа мәдени кеңістік ретінде де таныла бастады.

Алдағы уақытта Saryarqa Creative Hub-ы өңірлік аңыздарға негізделген мистикалық веб-сериал, монокалалардың өмірін бейнелейтін толықметражды детектив және жастар аудиториясына арналған жаңа комедиялық жобаларды қолға алмақ, – деді «Креативті индустрияларды дамыту қоры»

Алаяқта айла көп

«Анашым, телефоным бұзылып қалды. Осы нөмірге шұғыл ақша аудара салыңызшы...». Бір қарағанда, бұл – жақын адамыңыздан келген кәдімгі хабарлама сияқты көрінеді. Мұндай хабарламаны алған көптеген ата-ана еш күмәнданбастан көмектесуге асығады. Алайда, бүгінгі күні тұтқаның арғы жағында балаңыз емес, оның дауысын, сөйлеу мәнерін, тіпті, бейнесін де жасанды интеллект арқылы айнытпай көшірген алаяқ болуы әбден мүмкін. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы интернет-алаяқтардың да әрекет ету тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Сондықтан, киберқауіпсіздік – бүгінде аса өзекті мәселе.


Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Технология дамыған сайын қылмыстың да сипаты өзгеріп келеді. Егер бұрын интернет-алаяқтар қарапайым жалған хабарламалармен шектелсе, қазір олар адамның дауысын айнытпай салып, бейнесін жасап, психологиялық қысым арқылы миллиондаған теңгені иемденуге тырысады. Сондықтан, бүгінде киберқауіпсіздік – тек ақпараттық технология мамандарының мәселесі емес, әрбір азаматтың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, 2024 жылы 794 қылмыс тіркелген. 2025 жылы бұл көрсеткіш 1526-ға дейін өсті. Ал биылғы жылдың сегіз айы ішінде 1036 дерек есепке алынды. Дегенмен, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 32,1 пайызға төмен.

Соған қарамастан, келтірілген материалдың шығын көлемі әлі де жоғары. Жыл басынан бері Қарағанды облысының тұрғындары интернет-алаяқтардың кесірінен шамамен 2,2 миллиард теңге жоғалтқан. Оның ішінде 50 миллион теңгеге жуық қаражат дер кезінде бұғатталып, жабірленушілерге қайтарылды.

Полицийлердің айтуынша, қылмыстардың жалпы саны азайғанымен, дропперлікке қатысты деректер көп. Дропперлер – алаяқтар ұрланған ақшаны жасырып, оны қолма-қол ақшаға айналдыру үшін пайдаланатын адамдар. Мәселен, егер есепшотыңызға бейтаныс адамнан ақша түсіп,



Сурет: ЖИ

кейін оны басқа шотқа аударуды сұраса, мұндай ұсынысқа келіспеген жөн. Себебі, азамат өзі байқамай қылмыстық схемаға қатысушы болып, заң алдында жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Биыл өңірде 1396 алаяқтық фактісі тіркелсе, соның 1036-сы интернет-алаяқтыққа қатысты. Оның ішінде, 334 жағдайда алаяқтар өздерін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе мемлекеттік мекеме өкілі ретінде таныстырған. Ал, 314 тұрғын жалған инвестициялық жобаларға сеніп, ақшасынан айырылса, 123 дерек тауар мен қызмет үшін алдын ала төлем жасау кезінде орын алған.

Полиция департаментінің дерегінше, биыл облыста интернет-алаяқтықтың ең көп тараған түрі – банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе өзге де ресми мекеме өкілі болып қоңырау шалу. Мұндай 334 қылмыс тіркелген.

Алаяқтар көбіне «Есепшотыңызға шабуыл жасалып жатыр», «Атыңыздан несие рәсімделді», «Жақыныңыз қиын жағдайға тап болды», «Арнайы операцияға көмектесуіңіз керек» деген сылтауларды пайдаланғанда адамның сенімін сына қағады. Ал, инвестициялық алаяқтықта «Аз ақша салып, көп табыс табасыз», «Ірі компанияның жобасына қатысасыз», «Бірнеше күнде жоғары пайда көресіз» деген жалған уәделер арқылы адамдарды алдайды. Мұнда басты қармақ – оңай олжа. «Аз ақша салып, көп табыс табасыз», «Ірі компанияның инвестициялық жобасына қатысасыз», «Бірнеше күнде пайда көресіз» деген уәдемен аңғал адамды үміттендіреді.

Зардап шеккендердің бірі – Әлібек есімді азамат. Ол жалған инвестициялық

ұсынысқа сеніп, 15 миллион теңгесінен айырылғанын айтты.

Маған белгісіз адамдар хабарласып, атымнан несие рәсімдеуге әрекет жасалып жатқанын айтты. Қатты абырпап қалдым. Олар мұндай әрекетті тоқтату үшін белгілі бір сомда ақша салу қажет екенін айтып, психологиялық қысым көрсетті. Соның салдарынан екі банктен несие рәсімдеп, ақшаны алаяқтардың айтқан есепшоттарына аударып жібердім, – дейді қала тұрғыны.

Осыған байланысты Қарағанды облысында интернет-алаяқтықтың алдын алуға бағытталған республикалық «Hi-Tech» және «Анти-фрод» желел-профилактикалық іс-шаралары жүргізілуде. Полицейлер қылмыстың ізін суытпай ашуын қатар, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға басымдық беріп отыр. Өйткені, алаяқтықпен күрестегі ең тиімді қару – сактық пен сауаттылық.

Облыста жүргізіліп жатқан «Анти-фрод» операциясының нәтижелері де бұл бағыттағы жұмыстың маңызын көрсетеді. Полицейлер ондаған интернет-алаяқтық дерегін ашып, миллиондаған теңгенің заңсыз айналымына тосқауыл қойды. Тергеу барысында дропперлер анықталып, заңсыз қаржы аударымдары бұғатталды, мыңдаған қауіпті интернет-ресурстың жұмысы тоқтатылды. Сонымен қатар, өңір тұрғындарымен жүздеген кездесу өткізіліп, ондаған мың ақпараттық жадынама таратылды.

Қазіргі таңда алаяқтар өздерін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе ұялы байланыс операторы ретінде таныстырып, азаматтарды алдаудың түрлі тәсілдерін қолдануда. Тұрғындардың қырағылығы аса маңызды, – деді Қарағанды



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

қаласы полиция басқармасының бастығы Шахназар Салин.

Мұның нақты мысалы жақында Қарағандыда тіркелді. 69 жастағы қала тұрғыны өзін банк қауіпсіздік қызметінің маманы ретінде таныстырған алаяқтың сөзіне сеніп, 16 миллион 300 мың теңге жинағын басқа қалаға жібермек болған. Бағына орай, оның мазасыз күйін байқаған такси жүргізушісі полицияға хабарлап, миллиондаған теңгенің қылмыскерлердің қолына түсуіне жол бермеді.

Бұл оқиға тағы бір маңызды шындықты көрсетті. Алаяқтар адамның ақшасын емес, ең алдымен, оның сенімін ұрлайды. Олар кәсіби психологтар секілді әрекет етеді: қорқытады, уақыт бермейді, шешімді дәл сол сәтте қабылдауға мәжбүрлейді. Осындай қысымға түскен адам көбіне жағдайды саралауға үлгермейді.

Дегенмен, мамандарды аландататын жаңа қауіп бар. Ол – жасанды интеллекттің қылмыстық мақсатта қолданылуы. Қазір арнайы бағдарламалар адамның дауысын бірнеше секундтық жазбаның өзінен-ақ дәл көшіре алады. Тіпті, бейнеқоңырау арқылы сөйлесіп тұрған адамның өзі жалған болуы мүмкін. «Дауысын естідім», «бейнеқоңыраумен сөйлестім» дегеннің өзі қауіпсіздіктің кепілі емес.

Осындай жағдайда ең сенімді қорғаныс – асығыс шешім қабылдамау. Егер жақыныңыз немесе банк қызметкері атынан қоңырау шалынса, әңгімені тоқтатып, ресми нөмір арқылы қайта хабарласқан дұрыс. Ешқашан SMS-кодтарды, банк картасының деректерін немесе құпия сөздерді бөтен адамға беруге болмайды. Ал, күмән туындаған жағдайда бірден «102» нөміріне немесе банктің ресми байланыс орталығына хабарласу қажет.

Жаңа технология адам өмірін жеңілдетуге арналған. Бірақ, оны қылмыскерлер де өз пайдасына жаратып отыр. Сондықтан, жасанды интеллект дәуірінде ең құнды қорғаныс – қырағылық, цифрлық сауаттылық және әрбір ақпаратқа сын көзбен қарау білу.

Бүгінде күмәнді нөмірлерді анықтап, бұғаттаумен айналысатын арнайы call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді. Жүйе күн сайын шамамен 3 мың күмәнді қоңырауды тіркейді. Оның ішінде, орта есеппен 2800 қоңырау алаяқтық әрекет ретінде анықталып, жедел түрде бұғатталады.

ҚАРАҒАНДЫ



КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

корпоративтік қорының Қарағанды облысы бойынша өкілі Руслан Танишпеков.

Қарағандылық сән дизайнері Меруерт Мұхамедиярова креативті индустрияны қолдауға бағытталған мемлекеттік шешімдер шығармашылық кәсіп иелері үшін жаңа мүмкіндіктер ашқанын айтады.

Қазір елде креативке көңіл бөлінуде. Бұл бағыттағы жұмыстар нәтижелі. Креаторлардың мүдделері қорғаулы. Арнайы салық режимінің енгізілуі де шығармашылық кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдетіп, саланың дамуына оң әсерін тигізуде, – дейді ол.

Мамандардың пікірінше, кино өндірісінің дамуы тек мәдени салаға ғана емес, тұтас өңір экономикасына мультипликативтік әсер береді. Қонақүй бизнесі, қоғамдық тамақтану орындары, көлік қызметі, реквизит өндірісі, тігін шеберханалары, актерлік агенттіктер мен сервистік компаниялар да кино жобалары арқылы қосымша табыс табады.

Saryarqa Creative Hub-ының ұзақ мерзімді мақсаты – толық циклді кино өндірісін қалыптастыру. Заманауи техникалық база, кәсіби түсірілім алаңдары, пост-продакшн орталығы және шығармашылық кадрлар шоғырланған жағдайда Қарағандыда жыл сайын ондаған кино және медиа жоба жүзеге асырылады деген жоспар бар.

Бұл бастамалар жүзеге асса, аймағымыз еліміздің өндірістік орталығы ғана емес, ұлттық кино өндірісі мен креативті индустриясының жетекші өңірлерінің біріне айналуы әбден мүмкін.

• МЕДИЦИНА

Интерн-дәрігер мәртебесі бекітіледі

Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі медициналық кадрларды интернатурада даярлау қағидаларына өзгерістер енгізуді көздейтін құжат жобасын әзірледі.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Министрліктің мәліметінше, ұсынылып отырған түзетулер интерн-дәрігерлерді даярлау жүйесін заман талабына сай жетілдіруге, оны ашық әрі тиімді етуге бағытталған. Сондай-ақ, медициналық білім беру сапасын арттырып, жас мамандардың практикалық қызметке және пациенттермен жұмыс істеуге жылдам бейімделуіне мүмкіндік береді.

Жоба аясында алғаш рет «интерн-дәрігер» ұғымын ресми түрде бекіту ұсынылып отыр. Бұл болашақ мамандардың мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін нақтылап, оқу және практикалық даярлық үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымы, жұмыс беруші және интерн-дәрігер арасында ұшжақты шарт жасасу тетігін енгізу жоспарланған. Мұндай келісім әр тараптың жауапкершілігін нақты айқындап, сапалы білім беру, жас мамандарды жұмысқа орналастыру кезінде қолдауды және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша міндеттемелердің тиімді орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ведомствоның болжамынша, енгізілетін өзгерістер болашақ дәрігерлердің практикалық даярлық деңгейін арттырып, медициналық жоғары оқу орындары мен денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы өзара байланысты күшейтеді. Сонымен қатар, өңірлерді білікті медицина кадрларымен қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді.

Құжат жобасы қоғамдық талқылау үшін 19 тамызға дейін «Ашық НҚА» порталында орналастырылған.

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Өзіндік өрнегі бар өлке

Әр өңірдің өркендеу деңгейі өзіндік даму өрнегімен өлшенеді. Бірі өндірістік қуатымен дараланса, екіншісі, әлеуметтік әлеуетімен озады. Ал, Нұра өңіріндегі Шахтер ауылы бұл екі бағытты да сабақтастыра жүргізіп, заманауи ауылдық елдімекендердің сәтті даму үлгісіне айналды. Мұнда берекелі экономика мен әлеуметтік игілік қатар өріліп, халықтың тұрмыс сапасы жылдан-жылға жақсарып келеді. Осы он өзгерістер мен жүйелі дамудың басты тірегінің бірі – бұқаралық спорт. Өйткені, саламатты ұрпақ – қуатты мемлекеттің берік діңгегі. Осы қағиданы темірқазық еткен ауылда жастардың бойына патриоттық рух пен саламатты өмір салтын дарытып келе жатқан қос спорт нысаны бар. Олар – ауыл спортының қарашаңырағына айналған «Шахтер» спорт кешені мен жыл он екі ай тұрғындар мен жастардың игілігіне кәсіби деңгейде қызмет ететін заманауи жабық хоккей корты. Бұл қос кешен ауыл тұрғындарын бұқаралық спортқа баулып, болашақ чемпиондардың бағын ашқан орталыққа айналды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңселі спорт кешені

Шахтер ауылындағы еңселі спорт кешенінің іргетасы 2017 жылы қаланды. Ел игілігіне арналған жоба мемлекет пен ауылдың жанашыры, «Шахтерское» ЖШС директоры Георгий Прокоптың ортақ бастамасымен жүзеге асқан. Екі жылға жуық жүргізілген құрылыс сәтті аяқталып, ғимарат пайдалануға берілгеннен кейін толықтай мемлекет меншігіне өткен. Содан бері аудандық Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің филиалы ретінде ауыл спортына серпін беріп, тұрғындардың сүйікті орталығына айналды.

– Бұл спорт кешені – ауыл тынысын түлетіп, бұқаралық спортқа серпін берген құтты шаңыраққа айналды. Мұнда 100-ден астам оран тұрақты шынығып жүр. Қазақ күресі мен тоғызқұмалақтан бастап, футбол, волейбол, баскетбол және үстел теннисі секциясы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Ал, зама-

науи құрал-жабдықтармен толық жасакталған тренажер залының кез келген ауыл тұрғыны үшін есігі қашан да ашық. Бүгінде бұл нысанда 10-нан астам қызметкер жұмыс істейді, – деді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ержан Смайылов.

Осы спорт кешенінде жас ұрпаққа тәлім беріп, шәкірт тәрбиелеп жүрген жас маманның бірі – Нұрсұлтан Құлшыман. Волейболдан жаттықтырушы болып еңбек етіп келе жатқанына да екі жылдан асыпты. Өзі сонау жылдары ауылдағы Қайып Шайменов атындағы орта мектепті тәмамдап, білімін жетілдіру мақсатында қалаға аттанады. Жоғары оқу орнында дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығын меңгеріп, алғашқы еңбек жолын ішкі істер саласында бастаған. Өйтсе де, туған жерге деген сағынышы оны қайтадан ауылға әкелді. Осылайша, мемлекеттік «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы өзі тәмамдаған мектепке дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасып, ауыл жастарын спортқа баулады. Оған

дейін ауылда спорттық үйірмелер мектеп қабырғасында өткен. Жас маман келісімен спорт кешенінің мүмкіндігін тиімді пайдаланып, жастарды волейболға жаттықтырады.

– Бүгінде волейбол үйірмесіне 60-қа жуық бала тіркелген. Жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөліп, аптасына бес рет тұрақты жаттығу жасаймыз. Жалпы, ауыл жастарының спортқа қызығушылығы жоғары. Ал, волейболға көбінесе қыздар келеді. Жүйелі дайындық пен тынымсыз еңбектің арқасында шәкірттерім аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстарда ауыл абыройын қорғап келеді. Жуырда 9-11 сынып оқушылары арасында өткен аудандық жазғы спартакиадада ауыл жастарынан құралған қыздар командасы жүлделі ІІ орынды иеленді. Қазір шәкірттерім алдағы бәсекелерге тыңғылықты дайындалып жатыр. Жаңа оқу жылы басталысымен түрлі турнирлерге қатысып, тәжірибе жинақтап, жаңа белестерді бағындыруды мақсат етіп отырмыз, – деді Нұрсұлтан Сағындықұлы.



• БАЙҚАУ

Сұлулыққа үкім жоқ

Қарағанды облысы және Ұлытау облысы бойынша ҚАЖД №32 мекемесінде сұлулық байқауы өтті. Байқау ең талантты, шығармашыл әрі белсендіні анықтауды көздеді.

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бас жүлде үшін алты қатысушы бақ сынады. Олар байқауға алдын ала тыңғылықты дайындалып, сахналық образдарын, шығармашылық нөмірлері мен дефиле өнерін жан-жақты пысықтады. Сайыс барысында әр қатысушы өзінің даралығын, шығармашылық әлеуетін көрсетті.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар дефиле арқылы сахна мәдениеті мен

талғамын паш етті. Екінші кезеңде ұлттық киім үлгілерін таныстырып, қазақ халқының бай мәдениеті мен дәстүрін бейнелейтін ерекше образдар ұсынды. Қорытынды кезеңде көрермендер мен қазылар алқасына хореографиялық қойылымдар көрсетіліп, қатысушылардың әртістік шеберлігі, икемділігі мен шығармашылық қабілеті бағаланды.

Қазылар алқасының шешімімен «Мисс Очарование – 2026» бас жүлдесі барлық кезең бойынша үздік нәтиже көрсеткен 29 жастағы қатысушыға бұйырды. Сонымен қатар, «Мисс Подиум», «Мисс Обаяние», «Мисс Грациозность», «Мисс Экстравагантность» және «Мисс Харизматичность» аталымдары бойынша жеңімпаздар марапатталды.

– Мұндай іс-шаралар – қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде-

гі тәрбиелік жұмыстың маңызды бағытының бірі. Олар сотталғандардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіне деген сенімін нығайтуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді, – деді мекеме басшысы Нұралы Жамитұлы.

Мекеме өкілдерінің сөзінше, байқаудың басты мақсаты – қатысушылардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру ғана емес, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, өзіне деген сенімін нығайтуға және өмірге оң көзқарас қалыптастыруға ықпал ету. Осындай тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар адамның қандай жағдайда болса да, өзін жетілдіруге, жаңа мақсаттарға ұмтылуына және қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік береді.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қоңақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық қорғау», «Қылмыстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№237



Ел назарындағы хоккей корты

2022 жылы Шахтер ауылында мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен заманауи жабық хоккей корты бой көтерген. Кешеннің басты артықшылығы – маусым таңдамай, жыл он екі ай бойы бұқаралық спортты жандандыруға толық мүмкіндік беруінде. Сақылдаған сары аяз түсісімен-ақ корт іші мұз айдынына айналады. Арнайы техникаға сүйенбей-ақ ауыл азаматтары мен кешен ұжымы жұмыла жүріп мұзды өз қолдарымен құйып, бетін де өздері тегістейді. Одан кейін халықаралық стандарттарға сай таңбалау сызығы жүргізіліп, кәсіби жаттығулар мен дүбірлі жарыстар өткізуге толыққанды жағдай жасалады.

Бекітілген кестеге сәйкес аптасына төрт күн хоккей командаларының оқу-жаттығу жиындары өтсе, қалған күндері мұз айдыны тұрғындардың игілігіне беріледі. Әсіресе, сенбі және жексенбі күні ауыл халқы кешенді бетке алып, сырғанақ тебуді дәстүрге айналдырған. Тіпті, іргелес елдімекендерден де келіп демалатындар саны айтарлықтай өсіпті. Қарағандыдан бөлек, Астанада да арнайы ат басын бұратын меймандардың да қарасы қалын.

– Көктем шығып, күн жылына салысымен мұз айдынының орнына жоғары сапалы жасанды газон төселіп, корт әмбебап футбол алаңына айналады. Таңның атысынан кештің батысына дейін ауыл жастары жаттығып, шағын

турнирлер мен жолдастық кездесулер өткізеді. Бұл нысан жылдың төрт мезгілінде тұрғындар игілігіне қызмет етіп келеді. Мыңға жуық тұрғыны бар Шахтер ауылы үшін спорт – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған өмір салты. Оның айқын дәлелі – ауыл спортшыларының аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтиже көрсетуі. Биыл жеті ауданның спортшылары бас қосқан дәстүрлі «Қарлы қыс» спартакиадасында ауыл өрендері конькимен жүгіруден облыс чемпионы атанса, хоккей командасы жүлдегерлер қатарынан көрінді, – деді Ержан Серғалиұлы.

Ауылда ардагер хоккейші Шалғынбай Баспаковты танымайтындар кемде-кем. Себебі, Шалғынбай Өшімұлының өмір жолы мұз айдынымен, хоккеймен және спортқа деген шынайы сүйіспеншілікпен біте қайнасып жатыр. Бала кезінен коньки киіп, хоккей таяғын жанына серік еткен жан. Жылдар өте келе, әуестігін кәсіби мансабына айналдырып, аудан намысын талай мәрте қорғаған. Бүгінде өзі зейнет жасында болса да, сүйікті ісін жалғастырып келеді. Ауылда заманауи хоккей корты пайдалануға берілген сәттен хоккей үйірмесін ашып, жас буынға тәлім беруде. Қазір тәжірибелі бапкер жазғы маусымда шәкірттеріне шағын футбол ойнатып, олардың дене дайындығын шыңдап, спорттық бабын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп жүр.

– Қазіргі таңда хоккей үйірмесінің кіші тобында 13 бала жаттықса, ересектер тобында мектептің жоғарғы сынып оқушыларынан 10 бала өнер көрсетеді. Сол жылдары аудан әкімі болып тұрған Аян Шаламағанбетов жас спортшыларды қолдап, оларға қажетті спорттық жабдықтардың бәрін алып берген болатын. Бүгінде жүйелі еңбектің нәтижесінде шәкірттеріміз турнирлерден жүлдесіз қайтпайды. Қыста аудандар арасында өткен облыстық «Қарлы қыс» спартакиадасында «Нұра арландары» ересектер командасы чемпион атанды. Бүгінде команда жастарының қарқыны күшті. Оларды әлі ешқандай турнирлерге қатыстырғанымыз жоқ. Себебі, олардың әлі бұғаналары бекіп, білегі қатайған жоқ. Болашақта сол жастардан зор үміт күтетін, – деді Шалғынбай Өшімұлы.

Өрені өрелі, жастары жалынды бұл мекенде әр баланың қабілетін ашып, арманына қанат бітіруге барлық мүмкіндік жасалған. Бірі мұз айдынында шыңдалса, бірі спорт залында шеберлігін жетілдіріп, биіктерді бағындыруға талпынып жүр. Ал, соларға бағыт-бағдар беріп, жігерін жанитын – білікті бапкер. Қолдау көрсетіп, мүмкіндік қалыптастыратын – мемлекет. Осындай сабақтастықтың арқасында Шахтер ауылында спорттың жаңа тынысы ашылып, ескелен ұрпақтың жарқын болашағының берік негізі қалануда.


Газ дәуірі жалғасады

Теміртауда газдандыру жобасының негізгі кезеңі аяқталып, қаладағы газ тарату желілерінің құрылысы толық аяқталды. Нәтижесінде 5 917 жеке тұрғын үйдің барлығы табиғи газға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Қазір тұрғын үйлерді орталықтандырылған газ жүйесіне кезең-кезеңімен қосу жұмыстары жалғасып жатыр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба аясында қалада ұзындығы 215,29 шақырым газ тарату желісі салынды. Газдандыру жұмыстары Сонцгород, Отрадное, Ескі қала, Он жағалау, сондай-ақ, АБВ кварталы мен Горка Дружбы шағын аудандарын қамтыды.

2026 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша 5 917 жеке тұрғын үйдің барлығы газ желісіне қосылу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген. Бүгінде тұрғындарға 3 554 техникалық шарт беріліп, бұл жалпы жоспардың 60,1 пайызын құрайды. Ал, 2 651 тұрғын үй орталықтандырылған табиғи газ жүйесіне қосылып, көрсеткіш 44,8



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

пайызға жетті.

Мамандардың айтуынша, ендігі басымдық – тұрғын үйлерді кезең-кезеңімен көгілдір отынға қосу жұмыстарын жалғастыру. Газдандыру жобасының жүзеге асуы тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға және қатты отын тұтыну көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Теміртауды газдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жоспарға сәйкес жалғасады.

ТЕМІРТАУ
Инфографика
ұйымдастырушылардан

ТОО «Карагандинский завод металлоизделий» сообщает о проведении общего собрания участников общества, которое состоится 17.08.2026г в 15.00 час по адресу: г.Караганда, ул. Арман 2 «Б».

Повестка дня:

1. Утверждение годовой финансовой отчётности товарищество за 2025 год.
2. Отчёт по итогам производственно-хозяйственной деятельности.
3. О планировании текущих задач на 2026 год.

№ 176

43-21-55

Жарнама бөлімінің
байланыс телефоны

